

КММ «Ақсу кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі»

Химия кабинет
паспорты

2024-2025 оқу жылы

«Бекітемін»

Мектеп басшысы:

Р.Ш.Крылатая

«02» 09 2024-2025 оқу жылы



Химия кабинет жағдайын бақылау

2023- 2024 оқу жылы

№	Айлар	Химия кабинет жағдайы
1.	Қыркүйек	Химия кабинеті барлық талаптарға сай
2.	Қазан	Химия кабинеті барлық талаптарға сай
3.	Қараша	Химия кабинеті барлық талаптарға сай
4.	Желтоқсан	Химия кабинеті барлық талаптарға сай
5.	Қаңтар	Химия кабинеті барлық талаптарға сай
6.	Ақпан	Химия кабинеті барлық талаптарға сай
7.	Наурыз	Химия кабинеті барлық талаптарға сай
8.	Сәуір	Химия кабинеті барлық талаптарға сай
9.	Мамыр	Химия кабинеті барлық талаптарға сай

**ХИМИЯ КАБИНЕТІНІҢ
ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҒЫ ТУРАЛЫ
АКТІСІ**

1 қыркүйек 2024 жыл

Біз төменде қол қойған комиссия мүшелері мектеп басшысы Р.Крылатая , оқу ісінің меңгерушісі С.Омарова, кәсіподақ комитетінің төрағасы Б.Жумадилова химия кабинетін тексеріп, ол барлық талаптарға сай келеді деген шешім қабылдадық. Осыған байланысты химия кабинетінде сабақтар жүргізілсін.

Мектеп басшысы:



R.Krylataya

Р.Крылатая

Оқу ісінің меңгерушісі:

S.Omarova

С. Омарова

Кәсіподақ комитетінің төрайымы:

B.Zhumadiyeva

Б.Жумадилова

Кабинетте сақталатын тәртіптер

	2022 - 2023	2023 - 2024	2024 - 2025
Техникалық қауіпсіздік ережесі	+	+	+
Санитарлық – тазалық нормасы: жарықтандыру;	+	+	+
Жиһаздың жағдайы Парта,стол, сөре, тартпа сөре	+	+	+
Кабинеттің толық жағдайы (еден, қабырға, терезе)	+	+	+

ОҚУ КАБИНЕТІН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕСІ

1. Оқу кабинетін сабақтың басталуынан 15 минут бұрын ашу қажет.
2. Оқушылар кабинетте тек қана ауыстырылған аяқ киімде болуы қажет.
3. Оқушылар кабинетте мұғаліммен бірге болу керек.
4. Кабинеттің ауасын әр үзілісте тазартып тұру қажет.
5. Мұғалім сабақтан соң кабинетте тазалық жүргізуді ұйымдастырып отыруы қажет.

ОҚУ КАБИНЕТІНІҢ ОҚУ ЖЫЛЫНДА (КЕЛЕШЕКТЕ) ЖАСАЛАТЫН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРЫ

1. Кабинет жоспары кабинетке жауап беретін пән мұғалімімен кабинеттің қызметіне сәйкес жасалынады.
2. Бірінші бөлім – кабинеттің өткен жылғы жұмысына талдау жасау.
3. Екінші бөлім – жаңа оқу жылының міндеттеріне, көрсететін тақырыптық жоспарлары, дидактикалық құралдарды жаңарту, тірек конспектісін жасау, диагностикалық карта, сызу, бейне фильмдерді алу, кестелер және оқу - әдістемелік құралдарды мектеп бағдарламасындағы білімге сай болуы қажет.
4. Үшінші бөлім – кабинеттің жұмыс уақыты (сабақтар, қосымша сабақтар, факультативтер).

ОҚУ КАБИНЕТІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Кабинеттің құжаты бойынша талапқа сай жабдықталған түтіктер мен техникалық құралдар, көрнекті құралдар, оқулықтар, әдістемеліктер, дидактикалық құралдар және басқалар.
2. Оқу жылында (келешекте) жасалатын кабинеттің жұмыс жоспары.
3. Оқу кабинетінде техникалық қауіпсіздік және гигиеналық тазалық ережесін сақтау.
4. Оқу кабинеті безендірілгенде эстетикалық талапқа сай ауыстырылатын, ауыстырылмайтын сабақ – хабарлама стендтері, суретті жабдықтар, тағы басқа құралдар болу керек (оқу кабинетінің жұмыс жоспарына сәйкес).
5. Кабинеттің оқу жабдықтарымен, оқу - әдістемелік құралдармен, мектептегі білім жоспарынан орындау үшін қажет.

Ақсу кентінің №2 жалпы орта білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі
химия кабинетінің төлқұжаты

Жалпы сипаттамасы.

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР		
1.	Кабинет атауы	Химия кабинеті
2.	Кабинет меңгерушісі	Жумадилова Бахтыгуль Маратовна
3.	Меңгерушінің мамандығы	Химия пәні мұғалімі
4.	Кабинет лаборанттары	Воротынцева Катерина Юрьевна.
5.	Ұйымдастырылған уақыты	2013 жыл
ОРНАЛАСУЫ		
6.	Жалпы алаңы	56 шаршы метр
7.	Орналасуы	3 -қабатта
8.	Оқушылар орны	18 орын
МИКРОКЛИМАТ		
9.	Жылыту	Орталық
10.	Вентиляция	Табиғи
11.	Ауаның температурасы	19 – 23 С
ЖАРЫҚТАНДЫРУ		
12.	Терезелердің орналасуы	Шығыс
13.	Жарықтандыру	3 дана лампалар (күндізгі)
ТЕХНИКА ЖӘНЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ		
14.	Өрт сөндіргіш	бар
15.	Өртке қарсы сигнал жүйесі	бар
16.	Техника қауіпсіздігі журналы және бұрышы	бар

Бекітемін

Мектеп басшысы

«02»



Р.Ш.Крылатая

2024-2025 оқу жылы

Химия кабинетінің ережелері

1. Жалпы ережелері

- 1.1. Химия кабинетінің жұмысы БҒМ және аудандық білім бөлімінің нормативті-құқықтық құжаттарына және осы Ережеге сай реттеледі.
- 1.2. Химия кабинеті мектептің жұмыс жоспарына сәйкестендірілген жоспармен жұмыс істейді.
- 1.3. Химия кабинетінің меңгерушісі болып мектеп директорының бұйрығымен бекітілген химия пәні мұғалімі сайланады.
- 1.4. Кабинет әдістемелік бірлестік жоспарына сай қызмет етеді.

2. Демонстрациялық тәжірибеге арналған жалпы ережелер:

2.1. Демонстрациялық тәжірибе жасауға жасы 18-ден кем емес, еңбекті қорғау нұсқауымен таныстырылған, денсаулығы жақсы педагогикалық жұмысшы жіберіледі. Демонстрациялық тәжірибені оқушыларға жасауға болмайды.

2.2. Химиядан демонстрациялық тәжірибе жасауға жіберілген адам ішкі тәртіп ережелерін сабақ кестесін, еңбек пен дем алудың нұсқауларын сақтау керек.

2.3. Химиядан демонстрациялық тәжірибе жасаған кезде оқушылар мен мұғалімге мынандай қауіпті және зиянды факторлар әсер етуі мүмкін.

- химиялық күйіктер
- термиялық күйіктер
- зертханалық ыдыстарды дұрыс қолданбаудан қолды жаралау
- газдар немесе булармен улану
- өрт шығу

2.4. Демонстрациялық тәжірибе жасау үшін химия кабинетінде тартпа шкаф болуы керек.

3. Демонстрациялық жұмысты бастау алдындағы қауіпсіздік талаптары:

3.1. Тартпа шкафтың желдеткішінің жұмысын тексеру керек.

3.2. Жұмысқа қажетті құралдар мен реактивтерді дайындау керек.

4. Демонстрациялық жұмыс кезіндегі қауіпсіздік талаптары:

4.1. Демонстрациялық тәжірибе жасау үшін лаборантты көмекке шақыруға болады, бірақ оқушыларды бұл мақсатқа шақырмау керек.

4.2. Қатты сілтілер мен қышқылыдардың ерітінділерін тек мұғалім дайындау керек.

4.3. Сұйықтарды қалың қабырғалы ыдыстарда қыздыру керек.

5. Кабинетте апат шыққан жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары:

5.1. Қышқылы немесе сулы ерітіндісі төгілген жағдайда құрғақ құм сеуіп, барлық сұйықтықты жұтып алғанға дейін араластырып, полиэтиленді қапқа салып, ауызын дұрыстап байлау керек. Төгілген жерді бейтараптаушы ерітіндімен тазалап, сосын сумен жуу керек.

5.2. Зертханалық ыдыс сынған жағдайда қолмен жинамай, щеткамен жинау керек.

5.3. Жарақат алған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсетіліп, мектеп әкімшілігіне хабарлап, керек болған жағдайда жақын жердегі емханаға жіберу керек.

5.4. Тез жанған сұйықтықтар төгілгенде немесе жанғанда тез арада жақын жердегі өрт сөндіру бөліміне хабарлап, алғашқы өрт сөндіру құралдарымен өртті сөндіре бастау керек.

6. Жұмысты аяқтағаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары:

1,2 және 3 класты қауіпті заттар жұмыс кезінде түзілсе немесе қолданылса ол құралды желдеткіші қосылған тартпа шкафта сабақ аяқталғанша шақыруға болмайды.

7. Химия кабинетіндегі жалпы қауіпсіздік ережелері

Химиялық лаборатория — қауіптілігі жоғары орын. Химиялық эксперименттерді жасаған кезде, жараланбас үшін бұрыннан келе жатқан қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керек.

1. Реактивтерді пайдаланғанда, олардың негізгі қасиеттерін міндетті түрде білу керек: улылығы, басқа реактивтермен жарылғыш қоспалар түзу қабілеттігі, жанғыштық қабілеті.

2. Улы заттармен, өткір иісті заттармен, қышқылдар мен сілтілердің концентрлі ерітінділерімен, сілтілік металдармен жұмысты тартпа шкафта істеу керек.

3. Тартпа шкафта жұмыс істегенде оның терезесін (есігін) 1/5—1/4 биіктікке көтеріп қою керек. Жұмысты аяқтаған соң, терезені (есікті) мықтап жабу керек.

4. Бөлінген газды ыдысқа еңкейіп иіскеуге болмайды. Газдардың иісін сынауды абайлап жүргізу керек: сынауықтың аузын мұрын деңгейінен төмен, мұрынға ауанын әлсіз ағыны баратындай етіп бағыттау керек.

5. Сынаптың буы өте улы. Сондықтан төгілген сынапты шаңсорғышпен немесе амальгамаланған таяқшамен мұқият жинап алу керек және оқытушыға сынап төгілгенін міндетті түрде айту керек.

6. Сутек, жарықтанғыш газ, бензин, эфир сияқты және т.б. оталу қауіптілігі жоғары заттарды оттан алшақта сақтау керек.

7. Реактивтерді құйған кезде ыдысқа еңкеюге болмайды, себебі тамшылар немесе бөлшектер бетке немесе киімге шашырауы мүмкін.

8. Қыздырылып жатқан сұйықтығы бар ыдысқа қарай еңкеймеу керек, өйткені ол ыдыстан шашырауы мүмкін.

9. Сынауықты қыздырғанда аузын өзіңе немесе басқа адамдарға қаратуға болмайды.

10. Ыстық сұйықтығы бар химиялық стақанды тасымалдағанда түбіне орамал салып, екі қолмен ұстау керек.

11. Күкірт қышқылының концентрлі ерітінділері сұйылтқанда оны абайлап, баяу ағынмен суға құяды. Резеңке қолғаппен жұмыс істеген абзал.

12. Қатты негіздерді судың алдын ала өлшеніп қойылған көлемін біртіндеп құю арқылы ерітеді. Құйдырғыш натрийдің немесе калийдің қатты кесектерін таза шүберекке орап үгітеді.

13. Концентрлі азот қышқылы кейбір органикалық заттарға (скипидар, эфир майлары, майланған қағаз, шүберек, ағаш жаңқасы және т.б.) әсер еткенде ұшқынданатынын есте ұстаған жөн.

14. Газ жанарғыларымен жұмыс істегенде өте абай болу керек. Лабораториядан кетерде газ шамдарының крандарын тексерген жөн.

15. Лас қышқылы және сілті ерітінділерін су құбырларына құюға болмайды. Лабораторияда бұларды құюға арналған арнайы ыдыстар болуы қажет.
16. Жанғыш сұйықтықтар немесе басқа заттар тұтанып кеткен жағдайда жанарғыны тез сөндіріп, электрқызырғыш аспаптарды өшіріп, отқа қауіпті (жанғыш) заттарды орнында қалдырып, отты сөндіруге мынадай шараларды қолдану керек: а) жанып жатқан сұйықтықты асбест немесе кәдімгі одеялмен жауып қояды немесе құммен көмеді; б) жанған фосфорды дымқыл құммен немесе сумен сөндіру керек.
17. Киім жанған жағдайда адамды сыртынан одеялмен немесе пальтомен және т.б. орау керек. Ешқандай жағдайда қашуға болмайды.
18. Егер электрөткізгіштері жанса, ажыратқышты өшіріп, қолдағы бар затпен (құм, су, асбест көрпесі, өртсөндіргіш) өртті сөндіру керек.
19. Белгілі заттардың (соның ішінде ас тұзының, қанттың) да дәмін татып көруге болмайды. Техникалық маңсатқа арналғандықтан олардың құрамында адамға қауіпті қоспалар болуы мүмкін.
20. Егер сендер шыны ыдыста бір затты қыздырсаңдар, аспапты дайындау үшін түгікті майыстырсаңдар, жалаң қолмен шыныны ұстамаңдар: ыстық шыныны сыртқы түріне қарап суық шыныдан ажыратуға болмайды.
21. Лабораториядан кетерде газды, жарықты және суды өшіріңдер.

8. АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Күйген кезде (жанарғы жалынымен немесе қыздырылған заттармен) күйген жерді калий перманганатымен концентрлі ерітіндісімен дымқылдау керек немесе калий перманганатының түйірлерімен тері қоңырқай болғанша сүрту керек немесе күйге қарсы ерітіндімен ылғалданған (дәрі салынған қорапшадағы) мақтамен сүрту керек.
2. Қатты күйген кезде тез арада дәрігерге қаралу керек.
3. Күкіртсутекпен, хлормен, бром буымен, көміртек (II) оксидімен уланғанда, зардап шегушіні таза ауаға алып шығып, дәрігерді шақыру керек.
4. Егер теріге концентрлі қышқылы немесе сілті ерітіндісі тисе, жараланған жерді лезде судың көп мелшерімен жуу керек. Қышқылымен күйген жағдайда — 5%-тік сода ерітіндісі немесе аммиактың сұйылтылған ерітіндісімен өндеу керек; сілтімен күйгенде — 2%-тік сұйылтылған сірке қышқылының ерітіндісімен өндейді. Содан кейін тердің зардап шеккен бөлігінде дағы кеткенше сумен жуу керек.
5. Ыстық аппаратураға жанасып кетіп күйгенде, терінің күйген жерін 2%-дік калий перманганаты немесе 3%-тік таин ерітіндісі сінірілген матамен жабу керек.
6. Қолды шынымен кесіп алғанда, ен алдымен, жарадағы шыны сынықтарын алып, қанды 2%-тік калий перманганатымен ерітіндісімен немесе спиртпен жуып, жараға йод тұндырмасын жағып, бинтпен орау керек. Қажетті Мыскаменттер лабораториялық дәрі салынатын қорапшада үнемі болуы қажет.

Бекітемін

Мектеп басшысы Р.Ш.Крылатая

«02» 2024-2025 оқу жылы



Химия кабинетінің жабдықталуы туралы жылдық жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Уақыты
1	Кабинетті жаңа оқу жылына дайындау (жөндеу жұмыстары)	20-31 тамыз
2	Техникалық қауіпсіздік нормаларына сай приборлармен құрал-жабдықтарды тексерістен өткізу	Үнемі
3	Электр желілерінің дұрыс жұмыс істеуін тексеріп, қауіпсіздік шараларын дайындау	Үнемі
4	Техникалық қауіпсіздік ережелерінің журналын толтыру үшін сыныптардағы оқушылар тізімін толтыру	Үнемі
5	Өрт сөндіру шараларында қолданылатын құралдарының дайындығын тексерістен өткізу	Үнемі
6	Қауіпсіздік шараларын қолдануға арналған нұсқаумен оқушыларды таныстырып, журналға қол қойғызу және администрация тарапынан бекіту	1- қыркүйек Бірінші сабақ
7	Жаңа оқу жылындағы өткізілетін демонстрациялармен зертханалық жұмыстардың жоспарын жасау. Дарынды балалармен жұмыс жоспарымен тізімін құру Кабинет паспортын жасау Олимпиадаға оқушыларды алдын-ала дайындау жұмыстарына жоспар құру Және тиімділік, сапалық, нәтижелік тұрғыдан қосымша жыл бойы жоспарлар енгізіп отыру	1-қыркүйек
8	I- тоқсанда өткізілетін зертханалық жұмыстарға оқушыларға нұсқау беріп, теориялық түрде алдын-ала дайындау	Қыркүйек
9	8-сыныптар үшін пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында атқарылатын іс-шараларға теориялық дайындық	әр сабақ сайын жыл бойы
10	Сыныптан тыс тәжірибелермен эксперименттер тізімімен оларды жүргізу тәсілдерімен таныстыру	Жыл бойы
11	Оқушыларды ғылыми жобалар жасауға үгіттеу	Жыл бойы

12	I-тосандық жиынтық бағалауға құру және оған оқушыларды алдын-ала дайындау	Қазан айының соңы
13	II-тоқсандағы практикалық жұмыстармен зертханалық жұмыстарға теориялық дайындалу және оларды орындауға нұсқау	Қараша айының басы
14	II- тоқсандық жиынтық бағалау құру ,өткізуге алдын-ала дайындалу	Желтоқсан
15	9-сыныпта III-тоқсанда өткізілетін зертханалық жұмыстарға дайындыққа нұсқау	Қаңтар
16	II-жартыжылдыққа Қауіпсіздік ережелеріне нұсқау өткізу	Қаңтар
17	Химия апталығының жоспарын құру ,оқушыларды оған дайындау .	Қаңтар-сәуір
18	III-тоқсандық бақылау жұмыстарын құру және өткізу	Наурыз
19	IV-тоқсанда өткізілетін барлық практикалық жұмыстарға нұсқау және өткізілетінжұмыстарға теориялық дайындық Экологиялық айлыққа дайындық	Сәуір
20	IV-тоқсандық жиынтық бағалау жоспарын құру, өткізу	мамыр
21	Жылдық бақылау жұмыстарының жоспары және оны өткізу шаралары	мамыр
22	Химиядан әр сынып курстарындағы өткізілген оқу материалдарына қорытынды	мамыр
23	Келесі сынып курсына оқушыларға бағыт-бағдарлама беру және дайындау	20-25 мамыр
24	Қосымша:Әр апта сайын Тазалық күнін өткізу Жалпы кабинеттің тазалығын талап ету Мүліктердің сақталуын қадағалау Оқу процесінде қажетті және Мемлекеттік стандартқа ,оқу бағдарламасына сәйкес оқу-әдістемелік материалдармен толықтырып отыру	Жыл бойы